

**«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне
іздену үшін ұсынылған Монтанай Элмира Әзімбайқызының
«Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттер»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Монтанай Элмира Әзімбайқызының «Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымды дамытудың өзекті бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында, мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын докторантура аясында орындалған және басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021–2023 жылдарға арналған ғылым дамуының басым бағыттарына толық сәйкес келеді. Атап айтқанда, «Ұлттық бірегейлікті сақтау және нығайту», «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер», сондай-ақ «Мәдени және тарихи мұраны зерттеу, сақтау және насихаттау» бағыттарына сай келеді. Сонымен қатар, жұмыстың мазмұны ҚР БҒМ ғылым комитеті бекіткен 7.2 «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы және пәнаралық зерттеулер», соның ішінде 7.2.6 «Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен

			құндылықтардың ортақтығы» тармағына да толықтай сәйкес келеді. Зерттеуде қазақ және түрік этностарының ұлттық киімдері арқылы олардың мәдени коды, символдық жүйесі, тілдік әрі танымдық болмысы жан-жақты зерделеніп, ұлттық бірегейлік пен мәдени мұраның лингвомәдени көрінісі ашылған. Осы мазмұны мен бағыттары арқылы диссертациялық жұмыс гуманитарлық ғылымның заманауи талаптарына сай келетін өзекті әрі ғылыми негізделген зерттеу болып табылады.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға енгізіліп, оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Монтанай Әлмира Әзімбайқызының диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымға енгізіліп үлес қосады, себебі онда қазақ және түрік этностарының ұлттық киім атаулары алғаш рет лингвомәдени аспектіде салыстырмалы түрде жүйелі талданған. Бұл зерттеу ұлттық киім лексикасының семантикалық, символдық және мәдени қырларын айқындау арқылы тіл мен мәдениет тоғысында жатқан этностық дүниетанымды түсінудің жаңа әдіснамалық бағытын ұсынады. Атаулар мен артефакт функцияларын талдау арқылы ұлттық кодты құрайтын лексикалық қордың қалыптасу заңдылықтары, номинациялық үдерістері және этномәдени трансформация үрдістері терең зерделенген. Осы арқылы зерттеу туыстас халықтардың ұлт болып қалыптасуындағы тілдік және мәдени қатынастардың маңызын нақтылап, лингвомәдениеттану, этнолингвистика және түркітану ғылымдары үшін теориялық әрі қолданбалы тұрғыда маңызды ғылыми нәтижелер ұсынады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу принципі: Диссертациялық жұмыстың мазмұны, құрылымы, зерттеу барысындағы қисынды өрбуі мен дереккөздерді менгеру деңгейі негізінде зерттеу жұмысының орындалу сапасы жоғары деп бағаланады. Монтанай Әлмира Әзімбайқызы зерттеу

			нысанын өз бетінше итеріп, ғылыми тұжырымдар мен ой қорытындыларын бірізділікпен және өзіндік ғылыми стилінде баяндаған. Жұмыста академиялық адапдық талаптары сақталған; плагиат немесе бөгле мәтіндерді негізсіз қолдану белгілері анықталмады. Бұл зерттеудің автор тарапынан дербес жүргізілген ғылыми еңбек екенін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы қазіргі ғылымдағы этномәдени және лингвомәдени мәселелермен тығыз байланысты. Ұлттық киім дискурсын тілдік және мәдени аспектіде қарастыру – жаһандану жағдайында этностың тарихи жадын, мәдени мұрасын және ұлттық кодын сақтаудың өзекті тегігі ретінде бағаланады. Автор зерттеу нысанын заманауи ғылыми үрдістермен сабақтастыра отырып, теориялық тұғырлар мен практикалық сұранысты ескерген, мәселенің өзектілігін ғылыми негізде нақты және құрылымды түрде дәлелдей алған. Осыған орай, диссертациялық жұмыстың өзектілігі жан-жақты негізделген деп тұжырымдауға толық негіз бар.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбына айкындайды: 1) айкындайды; 2) ішінара айкындайды; 3) айкындамайды.	Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұндық бөлімдері және пайдаланылған материалдары диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Монтанай Элмира Әзімбайқызы қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттерді жан-жақты талдап, тақырып шеңберіндегі негізгі ғылыми мәселелерді кең қамтыған. Зерттеу міндеттері мен алынған нәтижелер өзара үйлесім тауып, тақырыптың мазмұнын тереңнен ашуға бағытталған. Осыған орай, диссертацияның мазмұны ғылыми жұмыстың атауына толық сай келеді деп сенімді түрде тұжырымдауға болады..
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді;	Зерттеу жұмысының мақсаты нақты қойылып, қазіргі лингвомәдениеттану мен этнолингвистика салаларындағы өзекті ғылыми мәселелердің бірі — ұлттық киім атауларының дискурстық табиғатын

	3) сәйкес келмейді.	зерделеуге бағытталған. Зерттеу міндеттері бұл мақсатқа жүйелі түрде қол жеткізуге мүмкіндік беретін теориялық және қолданбалы қадамдарды кезең-кезеңімен нақтылап көрсетеді. Олар диссертациялық жұмыстың құрылымымен, зерттеу логикасымен тығыз байланыста өрбіген. Мақсат пен міндеттердің мазмұны қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын лингвомәдени аспектіде салыстырмалы түрде талдау талабына толық сай келеді. Сонымен қатар, міндеттердің нақты тұжырымдалуы зерттеудің кешенділігін, ғылыми жаңалығын және практикалық маңызын арттыра түседі. Осыған байланысты, жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыппен толық үндесіп, зерттеу аясын дәл анықтайды және диссертациялық жұмыстың мазмұндық негізін сенімді айқындайды деп бағаланады.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдері өзара мазмұндық және логикалық сабақтастықта құрылып, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Жұмыстың жалпы құрылымы ғылыми зерттеу талаптарына сай жүйеленіп, тақырыптың біртіндеп ашылуына, негізгі идеяның тұтас көрініс табуына мүмкіндік береді. Кіріспе бөлімде зерттеудің өзектілігі, нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері нақты әрі дәл тұжырымдалып, зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері айқындалған. Негізгі бөлімде лингвомәдени теорияларға сүйене отырып, ұлттық киім атауларына қатысты мол тілдік-мәдени материал кеңінен талданып, нақты мысалдар арқылы дәйектелген. Ал қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелері жинақталып, қойылған мақсат пен міндеттерді толық орындағаны дәлелді түрде көрсетілген. Бөлімдер арасындағы мазмұндық байланыс, логикалық сабақтастық және ойдың жүйелі дамуы – диссертацияның ғылыми

		денгейін, құрылымдық біртұтастығын және ішкі логикасының сақталғанын айқын аңғартады. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы тиісті тұжырымдармен нақты бекітілген. Осыған орай, диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық және мазмұндық тұрғыда тығыз байланысты, құрылымы толық әрі ғылыми талаптарға сай құрастырылған деп сенімді түрде айтуға болады. Диссертациялық жұмыста Монтанай Элмира Әзімбайқызы ұлттық киім дискурсын лингвомәдени аспектіде талдау барысында ғылыми жаңашылдық элементтерін ұсына отырып, зерттеу нысанына қатысты жаңа көзқарастар мен теориялық қағидаттарды алға тартқан. Бұл тұжырымдар мен шешімдер нақты тілдік-мәдени деректермен дәйектеліп, зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен сенімділігі арттырылған. Автор бұрынғы ғылыми еңбектермен салыстыра отырып, зерттеу нәтижелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсете алған, бұл өз кезегінде тақырыпты кең ауқымда зерделеуге мүмкіндік берген. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, өзіндік ғылыми пайымдаулар мен авторлық көзқарас білдіру арқылы зерттеуге сыни тұрғыдан қарау жүзеге асқан. Сын көзбен қарау тек ақпаратты сипаттап қана қоймай, оны талдап, бағалау, ғылыми дискурс шеңберінде салыстыру мен тұжырым жасау деңгейінде көрініс тапқан. Осыған байланысты, зерттеу жұмысында теориялық негіз бен практикалық деректер арасындағы үйлесімділік сақталып, сыни талдаудың бар екендігі сенімді түрде айтуға болады. Монтанай Элмира Әзімбайқызының диссертациялық жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ережелер толықтай жаңалық сипатында. Қазақ және түрік этностарына тән ұлттық киім атаулары алғаш рет
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);

		артефакт теориясы тұрғысынан талданып, олардың лингвомәдени, мифологемалық, символдық және дискурстық ерекшеліктері кешенді түрде сарапталған. Бұған дейін ғылыми айналымда жүйеіі қарастырылмаған ұғымдар – кулытурама, лингвокультурама, ұлттық код, мифологема – ұлттық киім дискурсы арқылы этностың дүниетанымымен байланыстырылып, тың тұжырымдар ұсынылған. Сонымен қатар мақал-мәтелдер мен идиомадардағы киім атауларының концептілік мәнін анықтау, салт-дәстүрлермен сабақтастыра отырып, ұлттық бірегейлікті сипаттайтын жаңа үлгілерді негіздеу – зерттеудің толықтай жаңалығын дәлелдейді. Осыған орай, жұмыс нәтижелері мен ғылыми ережелері толығымен жаңа деп бағаланады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Монтанай Әлимира Әзімбайқызының диссертациялық жұмысында жасалған қорытындылар ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді және қазіргі лингвомәдениеттану, этнолингвистика, түркітану салаларында тың бағыт ұсынады. Зерттеу нысаны ретінде ұлттық киімді артефакт ретінде, яғни мәдени-символдық, әлеуметтік, танымдық қызмет атқаратын күрделі дискурстық құрылым ретінде қарастыру - бұған дейінгі зерттеулерде толыққанды қолға алынбаған тың көзқарас. Зерттеу барысында қазақ және түрік этностарының киім элементтерінің жас, жыныс, әлеуметтік мәртебе, дін және тарихи кезеңдерге байланысты семиотикалық сипаты ашылып, бұл компоненттерді лингвомәдени құрал ретінде дискурстық кеңістікке енгізу – ғылыми айналым үшін мүлдем жаңа тәсіл. Сонымен қатар: Ұлттық киімге қатысты мифологемалық құрылымдар, олардың атау, концепт және символаға айналу үдерісі; Киім атауларының мақал-мәтелдер мен идиомадарда концепт түзуші лексема ретінде қолданысы;

			жасаптан шешімдердің толығымен жаңа және қолданбалы құндылығы жоғары екенін дәлелдейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даурылық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары гуманитарлық ғылымдарға тән сапалық (qualitative research) әдістер негізінде жан-жақты дәлелденген. Монтанай Элмира Әзімбақызы ұлттық киім лексикасы мен дискурсын сипаттауда сөздік пен оның қолданысын, семантикалық мәнін идиомалар мен мақал мәтелдер арқылы, салт- дәстүрдегі интерпретацияларды кенінен қолдана отырып, әрбір тұжырымды нақты мысалдармен, теориялық негіздермен және салыстырмалы талдаумен негіздеген. Сондықтан барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген деп толық сеніммен айтуға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі:	Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, диссертанттың ұсынған қағидаға тоқталсақ: 7.1 Ғылыми жұмыста қағидағар дәлелденген. 7.2 Ғылыми жұмыста қағидағар тривиалды емес. 7.3 Ғылыми жұмыста қағидағар жаңа. 7.4 Ғылыми жұмыстағы қағидағардың қолдану деңгейі кен ауқымды. 7.5 Ғылыми жұмыстағы қағидағар алты мақалада дәлелденген.Соның ішінде, бір мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, төрт мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің басылымдарда, бір мақала халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарияланған.

		1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
Дәйектілік қағидаты.		8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған;	Монтаңай Әлмира Әзімбайқызының диссертациялық жұмысында пайдаланылған әдіснамалық негіздер нақты әрі жүйелі түрде сипатталып, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Автор сапалық зерттеу әдістерінің (салыстырмалы, сипаттамалы, дискурсивті, лексика-семантикалық, т.б.) мүмкіндіктерін ғылыми орнымен қолдана отырып, оларды теориялық тұғырлармен ұтымды ұштастырған. Әдіснамалық тәсілдердің осындай үйлесімі зерттеудің пәніне терең бойлауға және диссертация мазмұнының тұтастығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Зерттеу барысында пайдаланылған дереккөздер – этнографиялық сөздіктер, салт-дәстүрлерге қатысты еңбектер, тілдік фразеологиялық бірліктер (мақал-мәтелдер мен идиомалар), сондай-ақ тарихи-мәдени сипаттағы материалдар – барлығы ғылыми сенімділік талаптарына сай келеді. Бұл деректердің мазмұндық және құрылымдық дәйектілігі жұмыстағы теориялық пайымдар мен тұжырымдардың негізділігін арттыра түсіп, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігін қамтамасыз етеді. Осыған орай, диссертацияда қолданылған әдіснама мен дереккөздер толық негізді және сенімді деп бағалауға болады.
Дереккөздер ұсынылған дәйектілігі	мен ақпараттың	1) ия;	
		2) жоқ.	

	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерлерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу барысында қазіргі заманғы ғылыми әдістер тиімді пайдаланылған. Атап айтқанда, диссертация нәтижелері компьютерлік технологиялар негізінде, интернет-платформалар арқылы сауалнама жүргізу, алынған жауаптарды цифрлық өңдеу, жүйелеу және визуализациялау құралдары арқылы қорытындылау арқылы алынған. Бұл тәсілдер зерттеудің әдістемелік тұрғыдан заманауи ғылыми талаптарға сай жүргізілгенін көрсетеді. Қазақ және түрік этностарына тән ұлттық киімге қатысты лексикалық бірліктер мен тұрақты тіркестердің семантикалық, символдық және дискурсивтік ерекшеліктері сапалық тұрғыдан терең талданып, нәтижелері кестелер, диаграммалар арқылы көрнекі түрде ұсынылған. Автор қолданған бұл визуализация тәсілдері ғылыми ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, тұжырымдарды нақты жеткізуге септігін тигізеді. Диссертациялық жұмыстың рәсімделу мәдениеті жоғары деңгейде. Жұмыста ұлттық киім атаулары, мақал-мәтелдер, идиомалар мен саят-дәстүрлер әртүрлі лингвомәдени және этносемантикалық қырынан жан-жақты қарастырылып, мазмұндық жағынан жүйелі түрде ұсынылған. Автор мәтіндік және визуалды мәліметтерді ұштастыра отырып, ғылыми нәтижелерді түсінікті әрі құрылымды түрде ұсынуға қол жеткізген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия;	Монтанай Әлмира Әзімбайқызының диссертациялық жұмысында ұсынылған теориялық қорытындылар, модельдер мен заңдылықтар сапалық зерттеу әдістері арқылы эмпирикалық деректермен дәлелденіп, жүйелі түрде негізделген. Зерттеу барысында қазақ және түрік этностарына тән ұлттық киімге қатысты тілдік материалдар – киім атаулары, мақал-мәтелдер, идиомалар, саят-дәстүрлік

	2) жоқ.	контекстер – кең көлемде жинақталып, семантикалық, символдық және дискурсивтік тұрғыда өңделген. Диссертацияда алынған теориялық модельдер (ұлттық киімнің жас шамасына байланысты типтік модельдері, мифологиялық құрылымдар, лингвокультуремалар және диоималық трансформациялар) нақты тілдік деректерге, сауалнама нәтижелеріне және мәдени-коммуникативтік контексттерге негізделген. Зерттеуде қолданылған салыстырмалы, сипаттамалы, дискурсивті және лексика-семантикалық талдау әдістері зерттеу нәтижелерінің валиділігі мен ғылыми сенімділігін арттырған. Сонымен қатар, автор енгізген теориялық тұжырымдар мен модельдер визуалды түрде кестелер, диаграммалар мен үлгілік құрылымдар арқылы көрнекіленіп, олардың қолданбалы деңгейдегі дәлелділігін күшейткен. Осыған орай, диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен заңдылықтар қазіргі ғылыми талаптарға сай эмпирикалық-эксперименттік негізде дәлелденіп, ғылыми тұрғыда расталған деп сенімді түрде тұжырымдауға болады.
	8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста келтірілген манызды тұжырымдар мен ғылыми мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Автор отандық және шетелдік (соның ішінде түрік) лингвистика, этнография, мәдениеттану және этнолингвистика салаларындағы іргелі еңбектерге сүйене отырып, өз көзқарасын ғылыми негізде дәлелдеген. Теориялық тұғырлар мен салыстырмалы талдаулар тиісті дереккөздермен қамтамасыз етілген. Сондықтан бұл тармақ бойынша баға: расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттердің саны мен құрамы диссертациялық тақырыптың сипатына және қойылған ғылыми міндеттерге толық

		сәйкес келеді. Автор лингвомәдениеттану, этнолингвистика, дискурс теориясы, түркітану, этнография және мәдениетаралық коммуникация салалары бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне кенінен сүйенген. Әдебиеттер қазақ, түрік, орыс және ағылшын тіліндегі ғылыми көздерден іріктеліп алынған, бұл зерттеудің пәнаралық және халықаралық аясын кеңейтеді. Әдеби шолу теориялық ұстанымдармен тығыз байланысты құрылып, диссертацияның әдіснамалық және мазмұндық негізін құрайды. Зерттеудің барытына сай келетін тұжырымдар мен көзқарастар ғылыми дәйектермен нақтыланған, дереккөздермен негізделген. Жалпы алғанда, диссертант ғылыми мәселені зерттеу үшін қажетті әдеби базаны толық меңгерген және оны орынды пайдаланған. Осыған орай, диссертациялық жұмыстағы әдеби шолу мазмұны мен құрылымы тұрғысынан жеткілікті және ғылыми талаптарға толық сай деп бағалауға болады.
9 Практикалық қандылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысы лингвомәдениеттану мен этнолингвистика саласына, әсіресе ұлттық киім дискурсын талдау арқылы тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсіндіруге үлес қосады. Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім атауларының семантикалық, символдық және дискурсивтік ерекшеліктерін салыстыра отырып зерделеу – осы тақырыпта теориялық негізді кеңейтеді және түркі әлемі тілдерінің мәдени кодын сипаттауда маңызды база қалыптастырады. Сондықтан: → 1) бар деп бағаланады. Монтанай Элмира Әзімбайқызының диссертациялық жұмысы – этнографиялық зерттеу мен лингвомәдени талдаудың тоғысында орналасқан, қазақ және түрік этностарының дәстүрлі киім элементтеріне тілдік
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
	1) ия;	

	2) жоқ.	және мәдени тұрғыдан кешенді көзқарас ұсынған өзекті еңбек. Зерттеу нәтижелері этнография саласы үшін де, мәдени мұраны сақтау мен таныту салалары үшін де айрықша практикалық маңызға ие. Біріншіден, ұлттық киім элементтерінің мифологиясы мен символдық коды тек лингвистикалық емес, этнографиялық тұрғыдан да маңызды. Автор киім атауларындағы мәдени кодты, олардың жас, жыныс, әлеуметтік статуска қатысты семантикалық құрылымын дәл анықтап, тарихи кезеңдер мен дін, климат, тұрмыс салты сияқты сыртқы факторлардың ықпалын ескере отырып жүйелеген. Екіншіден, бұл зерттеу этнографиялық реконструкция жасауға – яғни, белгілі бір кезеңдегі немесе аймақтық этномәдени модельді қалпына келтіруге – нақты негіз ұсынады. Киім түрлерінің жас ерекшелігіне қарай жіктелуі, гендерлік бөлініс, тұрмыстық қолдану аясы, сондай-ақ олардың мифологиялық мәні – этнографтар үшін мәдени динамиканы түсіндіруге таптырмас дерек. Үшіншіден, зерттеу нәтижелері мұзей ісі мен ұлттық мұра жобаларына тікелей қолданыла алады. Киім атаулары мен оларға қатысты тілдік бірліктердің астарлы мағынасы этнографиялық экспозициялар мен деректі материалдарды байыта түседі. Әсіресе, киімнің дискурстық деңгейде ұлттық бірелейлікті бейнелеу қабілеті – ұлттық код пен тарихи жадыны жаңғырту жолындағы өзекті құрал. Төртіншіден, бұл зерттеу этнобрендінг пен заманауи ұлттық киім дизайнының негізін қалаушы үлгілерге ғылыми бағыт береді. Авторлық модельдер мен тарихи сипаттамалар дизайнерлерге ғана емес, мәдени саясатпен айналысатын құрылымдарға да әдістемелік нұсқа ретінде қызмет ете алады.
--	---------	--

		9.3. Практикалық ұсыныстар жана ма? 1) толығымен жана; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жана 25%-дан кем).	Сонында айтарым, диссертациялық жұмыстың нәтижелері этнография, этнолингвистика, мәдениеттану, тарих, музейтану және заманауи сән индустриясы сияқты салаларда кеңінен қолдануға лайық. Сондықтан зерттеу практикалық маңызы бар және қолдану аясы кең деп толық негізде «иә» деп бағаланады. Диссертациялық жұмыста ұлттық киім атауларын тіл оқыту, мәдениетаралық коммуникация, сөздік жасау және мұраны жаңғырту салаларында қолдануға арналған ұсынымдар ғылыми негізделген әрі тың сипатта. Автор ұлттық киімді лингвомәдени әрі мифологемалық тұрғыда қарастырып, этностық болмысты киім арқылы танудың жана үлгісін ұсынған. Киім үлгілерін жыныс, жас, әлеуметтік статуска қарай моделдеу және олардың дискурстық сипаттарын көрсету – этнографиялық жіктеуге негізделген жана бағыт. Сондықтан бұл ұсынымдар мазмұны мен әдісі жағынан толығымен жана деп бағаланады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс ғылыми стиль нормаларына толық сәйкес келеді. Автор ғылыми ойды тұжырымды, дәйекті әрі логикалық құрылыммен жеткізе білген. Ғылыми терминологияны қолдануда жүйелілік пен дәлдік сақталған, зерттеу барысындағы тұжырымдар нақты тілдік деректерге сүйене отырып берілген. Авторлық стиль ғылыми норма аясында қалыптасқан, мәтін көлемінде бірізділік пен мазмұндық сабақтастық үнемі сақталған. Академиялық дәйектілік жоғары деңгейде: сілтемелер мен дәйексөздер талапқа сай ресімделіп, әдеби көздермен жұмыс істеу мәдениеті көрінеді. Диссертация құрылымы кіріспеден бастап қорытындыға дейінгі барлық бөлімдерінде ғылыми логика мен мазмұндық тұтастықты ұстанған. Әр бөлім зерттеу мақсатына қызмет етеді және ғылыми аргументациямен тығыз байланысқан.

		Осыған орай, диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы – жоғары деп сенімді түрде бағаланады.
11.	Диссертацияға ескертулер	Жалпы, диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде орындалғанымен, жұмыстың мазмұнына елеулі әсер етпейтін, кейбір ұсақ ескерту/ұсынысты атап өтуге болады: а) автордың 165-беттері «Анкара қаласындағы Анытқабірдегі Осман империясы тұрғындары арасында кең тараған бас киім «феска» Э.Монтанай архиві» деп жазылғанында «Э. Монтанай архиві» сөздері біртүрлі көрінеді. Өйткені келтірілген фотоны диссертация авторы бір дереккөзден алған шығар. Ал олай болса, қайдан алғанын көрсету дұрыс болар; б) екіншіше қарай, қазақтың ұлттық киім-кешегі жөнінде көп материал келтірген орыс авторларының XIX – XX ғ. бас кезіне жататын еңбектері әдебиеттер тізімінде жоқтың қасы. Біздің ойымызша, бұл параллельдер жүргізу үшін дұрыс болатын еді.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация нысанында қорталған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Монтанай Элмира Әзімбайқызының «Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттер» атты диссертациялық жұмысы аясында жарық көрген ғылыми мақалалар мазмұны мен ғылыми жаңалығы жарынан зерттеу тақырыбымен тікелей үндесіп, оның теориялық негіздерін жан-жақты ашуға септеседі. Диссертация нәтижелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультетінің Түріктану және шығыс елдері тарихы кафедрасында 2025 жылы талқыланып, ғылыми орта тарапынан оң бағасын алған. Жалпы алғанда, автордың осы тақырыпта 6 ғылыми мақаласы жарияланған, олардың ішінде <i>Milli Folklor</i> (Анкара, 2023) сияқты беделді халықаралық журналда жарық көрген зерттеу бар. Сонымен қатар, ҚР ҒҖБМ БҒСБК бекіткен басылымдарда ұлттық киімнің эскери, реформалық, идиомалық және мақал-метелдік аспектілерін қамтыған біркатар мақалалар жарық көріп, зерттеу нәтижелерін негізді әрі дәйекті түрде ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік берген. Осыған орай, әр мақала зерттеу жұмысының өзекті ғылыми мәселелерін терең қамтып, жоғары ғылыми деңгейде дайындалған деп бағалауға толық негіз бар.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	8D02209 – Шығыстану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Монтанай Элмира Әзімбайқызының «Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттер» атты диссертациялық жұмысы – қазіргі этнолингвистика, лингвомәдениеттану және шығыстану ғылымдарының талаптарына сай, теориялық және қолданбалы тұрғыдан өзекті әрі мазмұнды зерттеу. Автор ұлттық киім атауларының тарихи-мәдени, әлеуметтік және символдық мағынасын терең талдап, артефакт, културема, лингвокултурема,

	мифология ұғымдарын этнографиялық тұрғыдан жүйелі негіздеген. Қазақ және түрік этностарына тән киім дискурсының ерекшеліктері мен ұлттық кодты танытатын лингвомәдени белгілер салыстырмалы түрде сәтті саралалған. Зерттеу нәтижелері тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ашуға, этникалық бірегейлік пен түрік халықтарының мәдени мұрасын зерделеуге ғылыми және практикалық тұрғыдан құнды. Жұмыстың нәтижелерін тіл оқыту, мәдениетаралық коммуникация, аударма, лингвомәдени сөздік жасау және ұлттық киімге қатысты жобаларда пайдалануға болады. Құрылымы, әдіснамасы және мазмұндық тереңдігі тұрғысынан бұл жұмыс Шығыстану саласының ғылыми талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, Монтанай Элмира Әзімбайқызының аталған диссертациялық жұмысы мазмұны мен ғылыми деңгейі тұрғысынан 8D02209 – Шығыстану мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызмекері
PhD (Тарих), қауымд. проф.



Б.К. Смаулов